# Атырау қаласы бойынша 2011 жылға салық ставкаларын бекіту туралы

## *Күшін жойған*

Атырау қалалық мәслихатының 2010 жылғы 8 желтоқсандағы № 231 шешімі. Атырау қалалық Әділет басқармасында 2010 жылғы 30 желтоқсанда № 4-1-129 тіркелді. Күші жойылды - Атырау қалалық мәслихатының 2011 жылғы 28 желтоқсандағы № 323 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Атырау қалалық мәслихатының 2011.12.28 № 323 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 99-IV "Салық жене бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 422 бабын, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы № 100-IV " Салық жене бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасының кодексін (Салық кодексін) қолданысқа енгізу туралы" Заңының 36 бабын және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабын басшылыққа ала отырып, Атырау қалалық Мәслихаты **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Осы шешімінің № 1, 2 қосымшаларына сәйкес Атырау қаласы бойынша 2011 жылға салық ставкалары бекітілсін.

2. Атырау қалалық Мәслихатының 2010 жылғы 3 ақпандағы № 175 "Атырау қаласы бойынша 2010 жылға салық ставкаларын бекіту туралы"шешімінің ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4-1-110 нөмірімен тіркелген, 2010 жылы 25 наурызында "Атырау" газетінде № 31 жарияланған) күші жойылсын деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*XIX сессия төрағасы С. Ерубаев*

*Қалалық Мәслихат хатшысы Б. Қазиманов*

Атырау қалалық Мәслихатының 2011 жылғы 8 желтоқсан № 231 шешімімен бекітілген 1 қосымша

## Бір жолғы талон құнының тізбесі

Ескерту. 1 қосымшаға толықтыру енгізілді - Атырау қалалық мәслихатының 2011.03.11 N 265 Шешімімен.

| Р/н № | Салық салу объектісі | 1 күндік ста 2011 ж. |
|---|---|---|
| 1. | 1. Ара тұра сипаттағы кәсіпкерлік қызмет түрлеріне берілетін бір жолғы талон құнының ұсынылған мөлшері (дүркін-дүркін сипаты):<br>1) газет-журналдар<br>2) балық және балық өнімдерін сату<br>2. Азық түлік өнімдерін сөреден сату:<br>1) көкөніс, жеміс–жидек<br>2) кондитер тағамдары<br>3) жұмыртқа<br>4) май-сүт өнімдері<br>5) ет және ет өнімдері | 70<br>200<br>70<br>200<br>70<br>200<br>300 |
| 2. | Өндірістік, тұрмыстық-электро тауарларын контейнерден сату | 300 |
| 3. | Өнеркәсіп тауарларын сөреден сату:<br>1) шаруашылық және құрылыс материалдары<br>2) сыртқы киім, аяқ киім<br>3) тұрмыстық химия<br>5) ойыншықтар тауарлары<br>6) кеңсе тауарлары<br>7) кілем бұйымдары<br>8) зергерлік бұйымдар | 300<br>250<br>240<br>130<br>130<br>500<br>500 |
| 4. | Сөрелерден және контейнерлерден автокөлік қосалқы бөлшектерін сату | 550 |
| 5. | Бір қорадан мал сату:<br>1) ірі қара сату<br>2) қой мен ешкі сату | 300<br>200 |
| 6 | Көлік құралдарын сату | 200 |

Атырау қалалық Мәслихатының 2011 жылғы 8 желтоқсан № 231 шешімімен бекітілген 2 қосымша

Атырау қаласы бойынша айына салық салу объектісінің бірлігіне тіркелген салықтың ең төмен және ең жоғары базалық ставкаларының мөлшері:

| Р/н № | Салық салу объектісінің атауы | Тіркелген салықтың базалық ставкаларының ең төменгі және жоғарғы мөлшері (АЕК) | 2011 жылға салы ставкасы (АЕК) |
|---|---|---|---|
| 1. | Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы | 1-12 | 5 |
| 2. | Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған, ұтыссыз ойын автоматы | 1-18 | 5 |
| 3. | Ойын өткізу үшін пайдаланатын дербес компьютерлер | 1-4 | 4 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4. | Ойын жолы | 5-83 | 19 |
| 5. | Карт | 2-12 | - |
| 6. | Бильярд үстелі | 3-25 | 7 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК